

«Адал Азамат» бағдарламасы аясындағы шеберлік сабақтары

2025 жылдың 8 қазан күні гимназиямызда «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастыруымен «Адал Азамат» республикалық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ «Өскелең ұрпаққа өнегелі тәрбие» жобасы мен Жұмысшы мамандықтар жылы аясында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Ақсақалдар кеңесі мүшелерімен жастардың көшпелі кездесулері өтті. Шара барысында оқушыларға арналған шеберлік сабақтары мен пайдалы кеңестер ұсынылды.

Кездесуге гимназияның 9–11 сынып ер балаларынан құралған топ белсене қатысып, өз білімдері мен дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік алды.

- Ұлттық қолөнер сабағы: қамшы өру мен былғары бұйымдарын жасау өнерінің қыр-сыры көрсетіліп, ата-бабамыздан жеткен қолөнер дәстүрлерінің мән-маңызы түсіндірілді.
- Музыкалық шеберлік сағаты: оқушылар ұлттық аспаптардың ерекшеліктерімен танысып, дәстүрлі әуендерді орындаудың қыр-сырын меңгерді.
- Танымдық сабақ: «Төрт түліктің 12 жілік атауы» тақырыбында халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүрі мен этнографиялық мұрасына қатысты құнды мәліметтер берілді.

Мұндай кездесулер жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырып қана қоймай, олардың еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке, салт-дәстүрді қастерлеуге тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Сонымен бірге оқушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастырып, рухани дүниесін байыта түсті.

https://www.instagram.com/reel/DPiqp95iLvm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==



Гимназия директоры



Мадиебаев А.И

Мастер-классы в рамках программы «Адал Азамат»

8 октября 2025 года в нашей гимназии при содействии КГУ «Қоғамдық келісім» состоялось выездное мероприятие с участием членов Совета аксакалов при Ассамблее народа Казахстана Костанайской области. Встреча была организована в рамках реализации республиканской программы «Адал Азамат», а также проектов «Воспитание подрастающего поколения на примере нравственности» и Года рабочих профессий.

В ходе мероприятия для учащихся были проведены мастер-классы и даны полезные советы.

Активное участие во встрече приняли учащиеся 9–11 классов — юноши гимназии, которые получили возможность расширить свои знания и развить практические навыки.

- **Мастер-класс по национальному ремеслу:** учащиеся познакомились с искусством плетения камши и изготовления изделий из кожи, узнали о значении и традициях народных промыслов, переданных от предков.
- **Музыкальный мастер-класс:** ребята познакомились с особенностями национальных музыкальных инструментов и научились исполнять традиционные казахские мелодии.
- **Познавательное занятие:** по теме «Двенадцать названий костей у домашних животных» учащимся была представлена познавательная информация о быте, традициях и этнографическом наследии казахского народа.

Подобные встречи не только способствуют укреплению уважения молодежи к национальным ценностям, но и играют большую роль в воспитании трудолюбия, патриотизма и почитания традиций. Они формируют у учащихся жизненные навыки и духовно обогащают их внутренний мир.

https://www.instagram.com/reel/DPiqp95iLvm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Гимназия директор: Мадиебаев А.И.

